

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Л А Р Ы

## ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ  
ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ

◆  
СЕРИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ  
И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК

◆  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

2 (312)

НАУРЫЗ – СӘУІР 2017 Ж.

МАРТ – АПРЕЛЬ 2017 г.

MARCH – APRIL 2017

1962 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1962 ГОДА

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ

ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА

АЛМАТЫ, НАН РК

ALMATY, NAS RK

Бас редактор

ҚР ҰҒА академигі

Пралиев С. Ж.

Редакция алқасы:

эк. г. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі Баймұратов У.Б.; тарих г. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі Байпақов К.М.; филос. г. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі Есім Г.Е.; фил. г. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі Қирабаев С.С.; эк. г. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі Қошанов А.К.; эк. г. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі Нәрибаев К.Н. (бас редактордың орынбасары); филос. г. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі Нысанбаев А.Н.; заң г. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі Сабикенов С.Н.; заң г. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі Сатубалдин С.С.; тарих г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Әбжанов Х.М.; тарих г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Әбусентова М.Х.; тарих г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Байтанаев Б.А.; тарих г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Жакып Б.А.; фил. г. докторы, проф., чл.-корр. НАН РК Қалижанов У.К.; тарих г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Қамзабекұлы Д.; тарих г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Қожамжарова Д.П.; тарих г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Қойгелдиев М.К.; фил. г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Құрманбайұлы Ш.; тарих г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Таймағанбетов Ж.К.; социол. г. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі Шәукенова З.К.; фил. г. докторы, проф., ҚР ҰҒА құрметті мүшесі Дербісәлі А.

Редакция кеңесі:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі Белостечник Г. (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі Велиханлы Н. (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі Назаров Т.Н. (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі Рошка А. (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі Руснак Г. (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі Мурадов Ш. (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі Сафарова З. (Әзірбайжан); э. г. д., проф. Василенко В.Н. (Украина); заң г. докт., проф. Устищенко В.А. (Украина)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы». ISSN 2224-5294

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.)  
Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде  
30.04.2010 ж. берілген № 10894-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,  
<http://nauka-nanrk.kz>, [social-human.kz](http://social-human.kz)

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

B.D. Zhumakayeva<sup>1</sup>, B.C. Carbasov<sup>2</sup>

The Kazakh State Women's Pedagogical University  
[d.bereke2009@mail.ru](mailto:d.bereke2009@mail.ru)

## LECTURE CONDUCTING TECHNIQUES

**Annotation:** One of active methods of educating at higher school is a lecture. A lecture directly influences on mastering of educational object, perfection of process of employment. The types of lectures, structure of text of lecture, technology of realization of lecture, are examined in the article. Methods and receptions are presented for the increase of efficiency of lectures.

During the achievement of the indicated aim technology of educating compensates the necessities only при эффективном, optimal, rational, productive combination of receptions.

Article the technology of realization of lecture written on a theme shows как правильно to assort educational materials, as needed to plan the process of educating and realization of employment, and also specifies on the ways of increase of efficiency of lesson-lecture.

**Keywords:** lecture binary, reflection, press-conference, technology.

УДК 37-013

Б.Д. Жұмақайева, Б.С. Сарбасов

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

## ДӘРІС САБАҚТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**Аннотация.** Жоғары мектепте белсенді оқу әдістерінің бірі – дәріс. Дәріс сабақтарды жетілдіру оқу пәнінің игеру үдерісіне тікелей ықпал етеді. Мақалала дәрістің түрлері, дәріс мәтінінің құрылымы, дәріс жүргізу технологиясы қарастырылады. Дәрістің тиімділігін арттыратын әдіс-амалдар ұсынылған.

Белгіленген мақсатқа жету барысында жүзеге асырудың тиімді, оңтайлы, ұтымды, өнімді, амал-әрекеттерін, тәсілдерін дұрыс үйлестіре белгенде ғана оқыту технологиясы өз қажеттілігін өтейді. Дәріс жүргізу технологиясы тақырыбындағы мақала оқу материалын дұрыс сұрыптай білу, сабақ үдерісін жоспарлау және дәрісті жүргізу амал-әрекеттерін қарастыра отырып, сабақтың тиімділігін арттыруда дәріс әдісінің оңтайландыру жолдарын көрсетеді.

Дәріс сабақтарын тиімді жүргізу дәріскердің оқу материалының тақырыбынан бастап, барлық құрылымдық жүйесін жан-жақты ойластыру, қисындастыру әрекеттеріне қатысты болатыны анық. Дәріскердің тыңдарман зейінін аударудың психологиялық тәсілдерін қолдану дәрістің қызықты болуына септігін тигізеді. Мақалала дәріскердің аудиторияға сұрақ қоя білу шеберлігі, ең маңызды мәселеге сұрақ арқылы назар аудартуы, түйінді ойларды ерекшелік көрсетіп, қайталап бекітуі сияқты тәсілдері дәріс жүргізу технологиясының құрамды бірліктері ретінде көрсетіледі.

**Тірек сөзер:** дәріс, бинарлы, рефлексивті, пресс-конференция, технология.

Дәріс сабақтары туралы сөз қозғалғанда таныс, белгілі мәселе сияқты көрінеді. Шындығында дәріс сабақтарын жүргізудің әлі де терең зерделене бермейтін, әр әдіскердің көп жылдық тәжірибесі арқылы орнығатын амалдары мен дәрістің ішкі бірліктері, тәсілдемелік жүйесі бар.

Дәріс әдіс ретінде орта ғасырларда-ақ пайда болған. Дәріскер өз тарапынан еш пікір қоспастан тек көпшілік алдында ғылыми ақпаратты дауыстап оқудан туындаған. Бірте-бірте көпшілікке хабарлама жеткізу жолдары түрленіп, жетілдіріле бастаған. ХҮІІІ ғасырда дәріс логикалық қисындай жүйе ретінде қалыптаса бастайды. Ал ХІХ ғасырда оқытудың өзге де көп түрлері пайда болады. Әйтсе де дәріс оқу білімгерге ғылыми ақпаратты жеткізудің ең негізгі түрі болып орнықты. Дәріс – баяндау мен түсіндіру, ойда дәйектеуден құралатын теориялық білімді (ақпаратты) жеткізудің негізгі түрі. Дәріс сабақ негізінен репродуктивті білім беруге бағытталады. Дәрістің басты құндылықтары – ғылымилық, ақпараттылық, жаңалық. Дәрістің өзге әдістен айырмашылығы аз ауықт мөлшерінде көп ақпарат көзіне қол жеткізуге

*Ескерту: дәріс әдебиет тарихынан әдеби тұлғаның шығармашылық, өмірбаяндық дәрістеріне арналса, тұлғаның өміріндегі қайшылықты кезеңдерді, не түйткілді мәселелерді тақырыптан тыс қалдырмау, қалыпты баяндауға ғана құрылатын ақпараттарды тізбектеуден шеткері болу қажет.*

Екіншіден, дәрісте қарастырылатын мәселені жоспарлай отырып, жіктеген орынды. Ол үшін дәрісте қамтылатын барлық материалды жинай отырып іштей үшке бөлуге болады: кіріспе бөлім, негізгі және қорытынды. Дәрістің кіріспе бөліміне қандай ақпаратты қамту керектігін анықтау маңызды. Себебі кіріспе бөлімде бірінші білімнің негізгі өзегі емес, тыңдаушыны қызықтыратын мәліметтер, қоғамдық көзқарастар (әдеби орта пікірі), немесе сол тақырыптың тыңдарманға берері, маңыздылығы сөз болады. Дәрістеосы мәселені қарастыруға түрткі болған жайлар, бұған дейін мәлім болған қандай ақпараттар бар, сондай-ақ аудиторияға кіріспе сұрақтар беру арқылы мотивацияны туғызу маңызды. Студент мотивациясын туғызу алу дәрістің өнбойында тыңдарман зейінін «соңғы аялдамаға дейін» жетектеп отыратын «жолсерік» іспеттес.

Дәрістің негізгі бөлімінде оқу материалының салмақты бөлігі қамтылады. Оқу материалымен кең түрде таныстыру(мәлімдеу, баяндау, түсіндіру) міндеті қойылады. Негізгі бөлімде, үш мәселеге аса көңіл болген жөн. Олар:

1. материалдардың мазмұнына,
2. материалдың көлеміне,
3. берілетін уақытқа.

Материалды мазмұнды құру жан-жақты ізденіспен келетіні белгілі. Қазіргідей ақпарат ағыны мол кезеңде оқу материалына қосарлық негізгі, өзектісі қайсы ажырата алу, дәрістің мақсатына сай сұрыптай білу, тың деректерді тауып қолдану да білім, білікті қажет етеді. Материалдың тыңдарман зейінін жалықтыратындай тым көлемді болмауы да керек. Психологтардың айтуынша оқылатын дәрістегі бірінші кейін екіншісі үстемелеп келетін көп мәліметтерді сіңіру мүмкін емес. Тұлғаның типіне қарай: аудиал, визуал, кинестетик болып бөлінетінін есепке алмағанның өзінде, адамның белгілі бір уақыт ішінде ғана ақпаратты белсенді сіңіре алатынын ескерген абзал. Сондықтан дәріскер тарапынан қандай да бір тым мәліметтен кейін, ойланып іштей қорытуға мүмкіндік жасалып отыру керек. Білгілі бір ойға жасалатын түйінінен кейін сол түйіннің жеке тармақтары мен қорытылу жолдарын саралаған тиімді.

Қорытынды бөлімде дәріс бойынша берілетін оқу материалының түйіні жасалады. Негізгі бөлімде сараланған ойлардың ең басты түйіндері көрсетіледі. Дәрістің өн бойында қарастырылатын мәселелер кезінде де дәріскер тарапынан шағын тұжырымдар болуы мүмкін. Дегенмен дәріскердің өзіндік пікірі мен көзқарасы қорытынды бөлімде ашық жариялануы маңызды.

Сонда дәрістің құрылымын, жоспарын мынадай қалыпта көреміз:

1. Дәрістің тақырыбы(Тақырыптың ғылым кеңістігінде қарастырылу жайынан ақпарат беру).
2. Жоспары (мақсаты, міндеттері, дәрісте кездесетін теориялық ұғымдар глоссарийі).
3. Кіріспе бөлім (тыңдаушының мотивациясын туғызуға бағытталған материалдар: суреттер, видео,

проблемалық жағдаят, дәйексөз, замандастарының көзқарастары, анықтамалық немесе пролемалық сұрақтар т.б.).

4. Негізгі бөлім (негізгі оқу материалы, жіктелік сызбалар, анықтамалар, көзқарастар, түйіндер, талдау материалдары, үлестірме тарериалдар т.б.). Оқу мазмұнын иллюстрациялық материалдардың көмегімен сіңіру. Эпизодтық талқылаулар жасау, анықтамалық сұраулар қою арқылы басты ұғымдарды игеру.

5. Қорытынды бөлім (басты тұжырымдар т.б.). Ең басты материалды ерекшелей көрсете отырып қайталап бекіту. Аудиториядан қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы да басты мәселерді нақтылау, тұжырымдау.

6. Қолданылған дерек көздері, сілтемелер.

7. Кері байланысқа бағытталған сұрақ-тапсырмалар.

Дәрістің негізгі қуат-көзі – ақпарат. Сондықтан дәрістің оқу материалын тиімді құра білу маңызды. Алайда дәрісті өз бетінше оқылатын оқулық материалынан, басқа да ақпарат көзінен ерекшелетін, дәрістің тиімділігін арттыратын бірнеше факторлар бар. Атап айтар болсақ:

1. Лексика-композициялық құрылымы (инверсия, конверсия, салыстырулар, интеграциялық байланыстар, тезистің бөліктеріне мәлідемелер, тұжырымды қорытындылар);

2. Психологикалық мәні (материалдың тартымды баяндалуына, мазмұнды өзектілеуге, сұрақтарды туындату әрі дидактикалық талапқа сай қою білу шеберлігіне, полемика (сұрақ-жауап), мәнді талқылаулар мен проблемалық жағдаяттарды көтере біру, дәйектемелер мен айқын дәлелдерді келтіру, нақты мысалдармен түйіндеп отыру, қажет жерінде әдеби образдар мен афоризмдермен көркемдеу т.б.);

3. Сөйлеу мәнеріне қатысты (дәріскердің сөздік қорының молдығына, лексиканы алмастыра қолдануына, көркем баяндауына, сөйлеу ырғағы, дауыс қарқынына, негізгі ойға екпін түсіре ерекшелей айтуы т.б.)

4. Көрнекілігіне қатысты (құрылымдық, жіктелік кестелер, дәйектемелі, талдамалық графиктер, аудио, видеожазбалар, иллюстративті суреттер, көрме, мұрағат материалдары, көркемфильм үзінділері т.т.)

Әр дәрістің мазмұны құралатын материалына байланысты болғанмен, әр тақырыптың негізгі идеялық өзегі болуы шарт. Оқылатын дәрісте тыңдарманды белсенді (ой белсенділігі туралы) қатыстырудың тәсілдері әралуан: бірде дәріскер шығармасынан үзінді пайдаланса, бірде мазмұнға қатысты тарихи деректі, документті, тағы бірде тақырыпқа қатысты сұрақты, енді бірде әртүрлі көзқарасты салыстыра айтады. Кейде

болатындығында. Белгілі бір мәселеге сәйкес мол ақпарат көзін игеру, оны жүйелі, ретімен ұсына алу, жан-жақты кең ауқымда қамти алу дәрістің тиімділігін көрсетеді.

Дәріс білім беру саласы мен өндірісте, қоғам өмірінде де еркін қолданылады. Дәріс, жалпы, барлық елде еркін қолданыстағы әдіс. Сондықтан да лекция әдісін жетілдіру, кемелдендіру үздіксіз жүргізілуде.

Өткен ғасырда-ақ әдістеме ғылымында әдістің түрлері жіктеліп, дәрістің әдіс ретіндегі ерекшеліктері сараланған болатын. «Методика преподавания литературы» (1962) еңбегінде В. В. Голубков дәрістің бірнеше түрін (шолу, монографиялық, өмірбаяндық, кіріспе дәріс) саралап, қолдану амалдарын айқындап берді.

Әдіскер дәрістің басты мақсаты: оқу материалын жинақтау, көркем мәтін үзінділерін кіріктіру дей отырып, дәрістің басты талаптарына баяндау формасының дұрыс таңдалуы, көсемсөздің кіріктірілуі және көркем мәтін үзінділерінің болуы деп атап көрсетеді[1].

Негезінде дәріс басқа әдістермен тығыз байланыста жүзеге асады. Түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, дәріскер мен аудиторияның сұхбаты, диалог т.б. әрекеттер қатар келіп, дәріс әдісінің тиімділігін асыра түседі.

Білім беру саласындағы жаңа үрдіс әдіс-тәсілдерді де қайта саралауға мүмкіндік туғызды. Жаңа оқыту технологиялары кейбір әдістерді топтастыра түсті. Дәріс әдісінің де жаңа түрлері туындады. Оқытудың жаңа технологияларына орай дәрістің дәстүрден тыс түрлері қалыптасты. Бірнешеуіне тоқталып өтейік:

*Кіріспе дәріс:* сол пән бойынша жалпы ұғым беріледі. Пәннің мақсат, міндеттері, қысқаша құрылымы таныстырылады. Пән бойынша талап етілетін жұмыс бағыты, бағалау саясаты т.б. түсіндіріледі.

*Ақпараттық дәріс:* ғылыми-ақпаратпен таныстырады, ғылыми болжамдар мен тұжырымдар репродуктивті түрде баяндалады, түсіндіріледі.

*Шолу дәрісі:* пәнішілік және пәнаралық байланыстардың жүйесі көрінеді, ақпаратты қорыту барысында көп ассоциациялық байланыс болуы мүмкін. Белгілі кезеңдер, дәуірлерге ортақ мәселелер, ұқсастықтар мен байланыстар қамтылады.

*Проблемалық дәріс:* білім проблемалық сұрақ немесе мәселе, жағдаят арқып қалыптастырылады. Оқытушы мен студент арасындағы диалог зерделеу, пайымдау, негізгі мәселені айқындау бағытында жүргізіледі. Шешудің жолдарын қарастыру барысында, зерттеушілік әңгіме түрінде проблема айқындалады. Проблемалық жағдаят дәрістің негізгі өзегіне айналады. Қ.Тасболатов: «Проблемалық ситуация тудыру — сұрақ қойып, оны шешу ғана емес, мұндағы сұрақ оқушыға бейтаныс, өздігінен ізденіп, өзінше қорытынды жасай білетіндей сұрақ болуға тиіс» дейді[1]. Дәрістің түйіні білімгер мен дәріскердің берлесе отырып түйткілді шешуіне бағытталады.

*Визуалдық дәріс:* оқу материалы экранда визуалды (видео, иллюстрациялық сурет) түрінде ұсынылады. Лектор түсініктеме береді, тұжырымдар жасалады.

*Бинарлы (дүэт)бұрыс дәріс:* Студенттердің зейінін тексеруге, ынталандыруға бағытталады. Ақпаратта кейбір метаологиялық, мазмұндық, әдістемелік бұрыс ақпарат жіберіледі. Дәріс сонында қандай қателіктерге жол берілгені сұралады.

*Конференция дәріс:* жоспарланған мәселе бойынша бірнеше алдын ала баяндама даярланады. Әрқайсына белгілі мөлшерде (10 мин) оқылап, дәріс сонында қорытындыланады.

*Прес-конференция дәрісі:* сабақтың тақырыбы, қарастыратын мәселе белгілі болған соң студенттер оқытушыға жазбаша сұрақ берді, сұрақтар сұрыпталып, маңыздыларына жауап беріріледі. Баяндау, түсіндіру, тұжырымдау, ой қорыту түрінде жүргізіледі.

*Сұхбат дәріс:* сұхбат дәріс еркін әңгіме түрінде жүргізіледі. Дәрістің басты мәселелері студенттер мен оқытушының ортақ пікір білдіруі нәтижесінде айқындалады. Логикалық, проблемалық сұрақтар қойылып, мәселе кең талқылауда жүргізіледі.

*Тірек-конспектілі дәріс:* дәріс кестелер мен жіктелік сызбаларға құрылған. Студенттер маңызды ақпараттың конспектісін жазады, түсініктеме беріледі.

*Рефлексивті дәріс:* дәріс студенттердің қабылдаған білім, білігін анықтауға бағытталады. Дәрістің ұтымды немесе қиындық тудырған жерлері анықталады. Келесі дәрісте сарапталған мәселелерге мән беріледі.

*Кеңес беру дәрісі:* дәріс бір түрі «сұрақ-жауап» түрінде ұйымдастырылады. Дәріс бойы пәннің барлық бөлімдері бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріледі. Екінші түрі «сұрақ – жауап – талқылау» түрінде жүргізіледі.

Дәрістің басты ерекшелігі ақпараттылығында дедік. Яғни дәрістің мазмұнды болуы, дерек көздерін тиімді кіріктіре алу, оқу материалын жүйелі құра білу дәріскерге көп талап қояды. Дәріскердің ғылыми тынысы неғұрлым кең болса, тыңдарманның табар олжасы да соғұрлым мол әрі жарқын болады. *Дәріс сабақтарының құрылымында неге баса көңіл болу керек?*

Алдымен, дәрістің тақырыбы айқын мақсатқа бағытталуы, өзекті мәселені қозғауы маңызды. Егер дәріс белгілі бір курстың бір тақырыбы ретінде алынған болса, курсты тақырыптарға жіктегенде ең маңызды мәселелерді шорғырландыруды көздеген жөн.

нысанға әдеттегіден тыс басқа қырынан, басқа ғасыр адамы көзқарасы тұрғысынан, әдеби кейіпкер көзімен, бала көзімен, бала танымымен қараған да тиімді.

Дәріс сабақтарында тыңдарманның психологиялық ерекшелігін ескере отырып, зейін, қабылдау, ойлау, есте сақтау сияқты функционалдық-танымдық қабілет-қарымды есепке алу қажет. Кейде шектен артық эмоцияналды-экспрессивтілік те кері ықпал етуі мүмкін. Дәріс жүргізу барысында білімгердің зейінін аударудың психологиялық тәсілдері болады. Оның бірі – дауыс қарқыны. Хабарламаның мәніне қарай дауысты бірде көтеріңкі, бірде бәсеңдету, дауыс тонын, темпін құбылту тыңдарманды жалықтырмау үшін жасалатын әрекет.

Дәріс кезіндегі кідірістердің де өз ықпалы бар. Ең басты мәселені ерекшелей көрсету үшін кідіріс жасау, кейде тыңдарманның зейінін айтылмақ сөзге аудару мақсатында кідіріс жасауға болады. Ым, ишара негізгі нысанды нұсқау, не кері шегініп барып тоқтау т.б ым, ишара да өз кезегінде білімгерлердің назарын аударуға ықпал етеді.

Аудиторияға сұрақ қоя білу, ең маңызды мәселеге сұрақ арқылы назар аударту маңызды. Ол білімгерлердің негізгі аспектіге зейінін аударуға әрі белсенді ойлауына ықпал етеді. Дәріс кезінде ауық-ауық аудиторияға бағытталған қаратпа сөздің де зейінді аударуға ықпалы болады.

Кейде баяндап келе жатып, айтылып жатқан мәселені күрт үзіп тоқтап қалуда зейінді бұруға, сөздің соңын естуге деген тыңдарманның ықыласын аударуға сеп болады.

Көрнекі материалдар зейінді аударуға ықпал етеді. Кейде аудио көрнекілікті видеокөрнекілікпен алмастырып отырудың да пайдасы бар. Білімгерлердің зейінін белсендіретін тәсілдің бірі – диалогтар, талқылаулар, коммуникативті қарым-қатынас орнату.

Әрине, дәріс кезінде талқылауларға көп уақыт бөлуге мүмкіндік бола бермейді. Талқылауларды ұзартып алудың қажеттігі де шамалы. Әйтсе де дәріскер тұжырымды өзі хабарламай тұрып түйткілді мәселелерде шағын талқылауға түсіре алса, басты тұжырымдарды есте сақтаудың мүмкіндігі арта түседі. Дәріс кезінде қолданылған жеңіл юмор да психо-эмоционалдық әлеуеттің жақсара түсуіне септігін тиігізеді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Инновационное обучение: стратегия и практика/ под ред. В.Я.Ляудис –М.,1994.-217 с.
- [2] Веблер В.Д. «Дидактика высшей школы» Метериалы семинара. Ярославль 2002.
- [3] Голубков В.В. Методика преподавания литературы М., Учпедгиз. 1962. -494
- [4] Тасболтаов К. Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары А., Мектеп, 1974.

#### REFERENCES

- [1] Innovatsionnoe obuchenie: strategiya i praktika/ pod.red. V.Ya.Lyaudis –M.,1994.-217 s.
- [2] Vebler V.D. «Didaktika vysshey shkoly» Materialy seminar. Yaroslavl 2002.
- [3] Golubkov V.V. Metodika преподаvaniya literatury M., Uchpedgiz. 1962. -494
- [4] Tasboltaov K. Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары А., Мектеп, 1974.

Б.Д. Жумакаева, Б.С. Сарбасов

Казахский Государственный Женский Педагогический Университет

#### ТЕХНОЛОГИЯ ПРОВЕДЕНИЯ ЛЕКЦИИ

**Аннотация:** Одним из активных методов обучения в высшей школе является лекция. Лекция непосредственно влияет на освоение учебного предмета, совершенствование процесса занятия. В статье рассматриваются виды лекций, структура текста лекции, технология проведения лекции. Представлены методы и приемы для повышения эффективности лекций.

В ходе достижения указанной цели технология обучения возмещает свои потребности только при эффективном, оптимальном, рациональном, продуктивном сочетании приемов.

Статья написанная на тему технология проведения лекции показывает как правильно сортировать учебные материалы, как нужно планировать процесс обучения и проведения занятия, а также указывает на пути повышения эффективности урока-лекции.

Процесс восприятия, понимания и усвоения лекционного материала невозможен без внимания, которая заключается в направленности и сосредоточенности психической деятельности человека на определенных объектах или действиях и отстранении от всего остального.

**Ключевые слова:** лекция, бинарная, рефлексивный, пресс-конференция, технология.

## МАЗМУНЫ

Құлмағамбетова Ж.К., Байғанова А.М. Педагог қызметіндегі бұлтты технологиялар.....	5
Садықова А.Т., Сатыбалдина Н.К., Қалиева А.Ж. Ерлі-зайыптылардың иеке және психологиялық қасиеттерінің арасындағы өзара қанағаттану байланысы.....	9
Қусаинов Д.О., Қусаинова А.К. Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Кеңестің конституциялық өндірісіне қатысуы туралы сұрақтар.....	15
Сүлейманов А.Ф. Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулыларының Қазақстан Республикасының әрекет етуші құқығының жүйесіндегі заңи табиғаты.....	19
Артықова Е.У., Тлеугабылова З.А., Рахимбаева Р.М. Тілдік аудиториядағы инновациялық технологиялар.....	24
Васько Т.П., Аймағанбетова О.Х., Абиева Д.М. Проблемаларды талдау ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік жеке тұлғаның қазіргі заманғы ғылыми әдебиет.....	27
Жатқанбаева А.Е., Туяқбаева Н.С., Бай Ли. Шетелдерде баламалы энергия көздерін пайдалануды құқықтық реттеу.....	32
Оспанова Д.А., Шуланбекова Г.К., Яғмусова А.Ф. Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығының жүйесі және үрдісі.....	39
Тұрғұмбаева А.М., Аймағанбетова О.Х. Жоғарғы оқу орындарының оқытушылардың кросс - мәдениет зерттеулеріне бейімделу арқылы ынталандыру.....	43
Ахметова Г.К. Педагогика ғылымы және қазіргі мектеп.....	46
Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө. Қазақстан республикасы жанұя-иеке қатынастары заңнамасындағы ерлі-зайыптылар мүлдіктік құқықтарын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	52
Баймаханова Д.М. Конституциялық реформа және конституциялық заңнаманы жетілдіру.....	58
Джумашиева С.М. Қазақстан республикасының жоо-дағы білімдік қызмет көрсету сапасын ішкі бақылау және бағалау ерекшеліктері.....	62
Ергалиева Р.А. Қазақ кескіндемесінің түркі рухани дәстүрлі тәжірибесі арқылы іске асыру.....	67
Жұмақаева Б.Д., Сарбасов Б.С. Дәріс сабақтарды жүргізу технологиясы.....	74
Жұмақаева Б.Д., Жұмақаева Б.Д. Сабақта кейс-стади әдісін қолдану жолдары.....	78
Кишибекова Г.К., Омарханова Ж.М. Қазақстанда контроллингтің іске асырылуын қадағалау және тәжірибесі ЖШС «Казевтотобау».....	85
Қожабекова З.Е. ЕХРО - 2017 аясында Қазақстан республикасында болашақ энергиясын дамыту бағыттары.....	92
Нарбаев Қ.А. Экологиялық қауіпсіздік Қазақстан республикасының ұлттық қауіпсіздігінің маңызды элементі ретінде.....	98
Саудамбекова И. ҚР-да мақта өндірісінің дамуы: проблемалары және болашағы.....	105
Сейтахметова Н.Л., Жандосова Ш.М. Экологиялық қауіпсіздіктің негізгі мәселелері: қазақстандық тәжірибе.....	110
Смағұлова Г.Н., Сағатбек Е. Көркем сөйлеудің критерийлері.....	117
Уашиев Г.К. Қазақстандағы ұйым персоналын бейдағдарыстық басқару.....	124
Мусиханова М.А., Миндетбаева А.А. Мектеп оқушыларының электронды портфолио моделі.....	129
Ақпарова Г.Т. Қазақстанның камералық-аспаптық музыка дамуының үрдісі.....	137
Ақыш Н.Б., Ахметова А.М. Тарихи романдағы субъективті толғамдар.....	145
Алирова Л.М. Ағылшын және қазақ тілдері тілдік семантикасындағы сандық жынтық ұғымы туралы.....	149
Алпысбаева Қ.Б. Қалқа жапсарбаев репертуарындағы «Едіге – Нұран» жыры және сюжеттік ерекшеліктері.....	154
Ананьева С.В. Абай поэзиясының көркемдік аудармасы: генезисі мен дәстүрі.....	159
Бәбишева А.С., Аймағанбетова О.Х., Құдайбергенова С.К. Аддиктивті мінез-құлық және оның түрлерін әлеуметтік-психологиялық зерттеу.....	165
Балабаева А.К., Қасымжанова А.А., Черрикова Т.В., Аймағанбетова О.Х. Фармакологиялық компанияны өрнек ретінде қолдана отырып оның қызметкерлерінің бағдар құндылықтарын эмпириялық зерттеулерінің саралау нәтижесі.....	170
Бердібай А.Р. Абай Құнанбайұлы әндерінің музыкалық-өлеңдік құрылымы туралы.....	174
Буткенова А.К., Баймұминова Н.Х. Кәсіпорын шеңберінде адам капиталының құнын есептеу.....	181
Даубаев Е. Күмістен әшекей жасаудың байырғы әдістері.....	188
Дуламбаева Р.Т., Ешешқожаева Ж.Ж. Экономиканың мемлекеттік секторын тиімді дамытудың перспективалық бағыттары.....	193
Ермекбаева А.Т. Кәсіби дайындау пәндері мазмұнындағы жыландардың биологиясы және экологиясы туралы білім.....	200
Исмағұлова Р.С., Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытудың маңыздылығы.....	206